

Жаңаөзен қаласындағы мемлекеттік тұрғын үй қорындағы "Рауан" шағынауданында орналасқан, 200 пәтерлі тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 02 шілдедегі № 271 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 01 тамызда № 11 -2-193 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының 1 тармағына және «Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шарушылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығына сәйкес, Жаңаөзен қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңаөзен қаласындағы мемлекеттік тұрғын үй қорындағы «Рауан» шағынауданында орналасқан, 200 пәтерлі тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Худибаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Трұмов

Келісілді:

«Жаңаөзен қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Е . Қ а й ы р о в

02 шілде 2012 жыл

«Жаңаөзен қалалық қаржылар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
Р . Д ж а н т л е у о в а

02 шілде 2012 жыл

Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы «Рауан» шағынауданында орналасқан, 200 пәтерлі тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері

Кондоминиум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін алынатын төлемақының мөлшерін есептеу кезінде мынадай көрсеткіштер қолданылады:

А – кондоминиум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына 1 шаршы метр үшін, теңге);

Ц – тұрғын үйдің жалпы көлемінің 1 шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (теңге);

Т – ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі, жыл;

Р – пайдалануға, тұрғын үйдің ағымдағы және күрделі жөнделуіне, сондай-ақ жер учаскесін күтуіне қажетті көлемнің сомасы (айына 1 шаршы метр үшін теңге);

Пайдаланғаны үшін айына алынатын төлемақы мөлшері мынадай есептеледі:

Кондоминиум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй, сондай-ақ жаңа салынған және пайдалану мерзімі 20 жылға дейін тұрғын-үй үшін мынадай формула бойынша:

$$A = \frac{C}{T} / 12 + P$$

Ц – 1 572 540 460 теңге (құрылыстың құны) / 18763 м² (тұрғын үй ғимаратындағы тұрғын үйдің жалпы ауданы) = 83 810,72 теңге;

$$P = 0;$$

$$T = 140 \text{ жыл};$$

$$A = 83 \ 810,72 / 140 / 12 + 0 = 49,89 \text{ теңге};$$

Мысалы: 1 бөлмелі пәтердің жалпы ауданы 58,2 шм

$$A = 49,89 \times 58,2 = 2903,60 \text{ теңге бір айға}$$